8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы А.Т.Төлеужанның диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі жаһандық цифрландыру дәуірінде елдердің өзара бәсекеге қабілеттілігі инновациялық, ақпараттық-технологиялық күш-қуатына байланысты анықталатындығы белгілі. Цифрландыру үдерісінің қарқынды дамуы XXI ғасыр қоғам өмірінің кез-келген саласына айтарлықтай өзгерістер енгізді.Білім беру саласы да цифрландыру үдерісінен тысқары қалмады. Ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде тиімді пайдалану оқудың нәтижелі болуына тікелей әсер ететіндігін соңғы жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері дәлелдеп отыр. Мәселен, білім берудегі ақпараттандыру үдерісі нәтижесінде ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде тиімді пайдалана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы педагогтарға қойылатын талаптар қатарына еніп, уақыт өте келе оқытудың жаңа формасы, әдісі, түрі, сондай-ақ оқу-әдістемелік кешеніне және нормативтік құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.Білім беру үдерісіне қатысты ақпараттандыру барлығына бірдей білім алуға ашық қол жетімділік мүмкіндігін ұсынумен айқындалады. Бұл туралы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы құжатта пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу педагогтер мен білім алушыларға арналған электрондық платформалар арқылы жүзеге асырылатындығы және бұл бүкіл оқу процесін цифрландыруға әкеледі деп баяндалған.

XXI ғасырдың басындағы ғылым мен техниканың жылдым дамуы қоғамның шетел тілінде еркін сөйлеуге деген қажеттілігін айқындай түсті. Цифрландыру үдерісінің дамуы білім беру ресурстарына оңай қол жетімділікті қамтамасыз етуді көздейді. Сәйкесінше, бүгінде шетел тілінде еркін сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатында қолданылатын ашық білім беру ресурстарына деген қажеттілік те арта түсті. Ашық білім беру мүмкіндіктерін ұсынатын құралдарды оқу үдерісін барынша тиімді ету үшін педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу, тәжірибе алмасу мақсатында педагогтар тарапынан олардың құрастырылуы және ұсынылуы сияқты іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы қоғам алдына қойылатын талаптар қатарына енуде.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Төлеужан Ақбота Талғатқызының «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарыарқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациясының тақырыбы өте өзекті, себебі ізденушінің

диссертациялық зерттеуі қазіргі қоғамдағы негізгі тенденция ретінде белгілі цифрландыру негізінде құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаның аясында ақпараттық қоғамның қойып отырған негізгі талабы білімді, жан-жақты, жаңа білімді оңай меңгеруге қабілетті, дербес шешім қабылдай алатын икемді ұрпақ тәрбиелеу мақсатымен ұштасады. Сондай-ақ, инновациялық мектеп оқушылары арасында жүргізілген зерттеу негізінде ашық білім беру ресурстары арқылы білім алушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың теориялық-педагогикалық негіздерін айқындауы өзінің теориялық және практикалық жаңалығымен ерекшеленді.

Ізденуші тақырыптың теориялық мазмұнын айқындау барысында алыс-жақын шетелдік және отандықғалымдар еңбектерінің оқыту үдерісінде ашық білім беру ресурстарын қолданудың қажеттілігі, мүмкіндіктері мен қалыптасуы жайлы, ашық білім беру ресурстарының шеттілдік білім беру саласында пайдалану және оларды жетілдіру мәселелерін зерделеген.Ізденушінің зерттеу аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен оқу әдістемелік құралдарындағы «білім беруді цифрландыру», «цифрлық технологиялар», «ашық білім беру», «ашық білім беру ресурстары», «инновациялық мектеп», «шетел тілінде сөйлеу әрекеті»ұғымдарына берілген анықтамаларын жүйелеп, осы ұғымдардың мәні мен мазмұнын өзінің зерттеу проблемасының мақсатына орай тұжырымды пікірін білдіріп ғылыми-теориялық тұрғыдан мазмұндық сипаттама жасаған. Бұл зерттеудің теориялық мазмұнын толықтай ашады.

ДиссертантА.Т.Төлеужанның зерттеу мәселесіне байланысты құрған моделі – инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресутсраы арқылы оқушылардыңшетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамытудың заманауи механизмін жүзеге асырады. Соның негізінде ашық білім беру ресурстары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне ендірілген. Атап айтқанда, ашық білім беру ресустары арқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту механизмдерін айқындауға бағытталып құрылған «Becoming Fluent in English» электронды оқу құралы мен элективті курстың мазмұны толығымен ашылған.

А.Т.Төлеужаннныңғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны халықаралық, республикалық, ғылыми-практикалық конференциялар мен әр түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген 9 еңбегінде қамтылып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Жоғары аттестациялау Комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, Скопус базасына енген нөльдік емес импак-факторлы журналдарда жарық көрген. Атап айтқанда, Скопус базасына енген 2 ғылыми журналдарда, ҚР жоғары аттестаттау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала, Халықаралық конференция материалдарында 3 мақала, 1 электронды оқу құралы мен 1 YouTube каналы жарық көрген.

Автор зерттеу жұмысы бойынша алдына қойған мақсаты мен міндеттерінің шешімін таба отыра, ұсынылып отырған зерттеу жұмысында

бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні бар ғылыми проблеманың шешімін тапқан.

Докторант Төлеужан Ақбота Талғатқызың «Инновациялық мектеп жағдайында ашық білім беру ресурстарыарқылы оқушылардың шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» атты PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық еңбегінің Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді. Ал оның авторы Төлеужан Ақбота Талғатқызы 8D01702 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

Ғылыми кеңесші
PhD, шетел тілінен даярлаудың теориясы
мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Саржанова Ғ.Б.

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ